

КЕЛЕЛІ КЕҢЕС

Ректораттың кезекті жиналысы дәстүр бойынша үздік студенттерге шәкіртақы табыстаумен басталып, күн тәртібіндегі сұрақтарға ұласты.



Алдымен QS Subject Ranking-те жоғарғы оқу орнына дейінгі білім беру факультеті кафедраларын алға жылжыту бойынша жол картасы талқыланды. Аталмыш тақырып бойынша шетелдіктерге тілдік және жалпы білім беру бойынша дайындық кафедрасының меңгерушісі Гүлнар Ихсанғалиева сөз алды. Кафедраның жол картасын таныстыра отырып, Scopus базасында тіркелген «Espacios education», «Man in India» сынды журналдарда оқытушылардың ғылыми жарияланымдары шыққанын тілге тиек етті. Сонымен қатар БАҚ-та жарияланған имидждік мақалалар мен әлеуметтік желілердегі кафедра белсенділігі жақсы көрсеткіштерге ие. Мәскеу мемлекеттік лингвистикалық университеті, М.В. Ломоносов атындағы МГУ мен Кенхи, Тегу, Кукмин, Донгук, Пекин шет тілі университеті сынды білім ордаларымен серіктестік қарым-қатынас орнатқан.

Келесі кезекте мінбеге шыққан жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының меңгерушісі Молдахмет Мырзабеков те өз баяндамасында кафедраның жетістіктерімен бөлісіп, Scopus базасындағы журналдарға имидждік мақалалар шығару мен әлеуметтік желідегі көрсеткіштер бойынша жоспар орындалып келе жатқандығын мәлімдеді.

Жалпы QS Subject Ranking рейтингін жүргізу барысында академиялық бедел, ғылыми жарияланым, оқытушылар мен білім алушылардың университет туралы пікірі, жұмыс берушілер арасындағы бедел, шетелдік оқытушылар мен студенттер үлесі тәрізді көрсеткіштер есепке алынады. Осыған байланысты ректорат жиналысында университеттің халықаралық рейтингте табысты түрде алға жылжуы үшін 16 факультет өз жол картасын ұсынып, атқарылған жұмыстар бойынша есеп берді. Қазірдің

өзінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ көптеген халықаралық беделді рейтингте көш басынан көрініп келеді. Солардың ішінде QS агенттігінің 2018 жылы жүргізген дербес бағалау қорытындылары бойынша, ҚазҰУ «QS Stars Development Road map» халықаралық рейтингісінің «Төрт жұлдыз» үстемдік белгісін Қазақстанда алғаш болып иеленген Орталық Азия аймағындағы тұңғыш университет болды. ТМД елдерінде QS-тың төрт жұлдызы тек бес университетке берілгендігін атап өту қажет, олар — әл-Фараби атындағы ҚазҰУ және Ресейдің төрт университеті. Соымен қатар ҚазҰУ білім мен ғылымның, инновацияның жетекші орталығы ретінде әлемнің 200 үздік университеті қатарына кіруді мақсат етіп отыр.

Жиналыс барысында ғылым және инновациялық қызмет жөніндегі департамент директоры Серік Мұхамбетжанов университет факультеттері мен кафедралары ғалымдарының SciVal аналитикалық базасындағы жарияланым белсенділігінің статистиакасы туралы баяндама жасады. Жалпы SciVal — ғылыми-зерттеу саласындағы бәсекеге қабілеттілікті арттыруға себепші болатын аналитикалық құрал. Scopus-тың библиографиялық базасындағы жарияланымдар статистикасын анықтауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ жиында университеттің Түлектер қауымдастығының атқарушы директоры К. Балтабаеваның түлектер күніне арналған дайындық жоспары оқытушы-профессорлар назарына ұсынылды. Ал оқу жұмысы жөніндегі проректор Асқар Хикметов 2017-2018 оқу жылының жазғы емтихан сессиясына дайындық барысынан хабардар етті.

Перизат ЖАРЫЛҚАСЫНОВА

Жоғары дәреже

Еуропалық университеттер ассоциациясының (EUA) Тағайындау жөніндегі комитеті әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректорын аталмыш халықаралық ұйымның президенті лауазымына ұсынды.

Ассоциацияның штаб-пәтері Брюссель қаласында орналасқан және ол Еуропадағы 800 жетекші университетті біріктіреді. Оның қызметі еуропалық университеттердің заманауи қажеттіліктерге және жоғары халықаралық стандарттарға сай тиімді дамуына көмектесуге бағытталған. EUA президенті ғылым мен білімнің көрнекті қайраткерлері арасынан үш жылға бір рет сайланады.



Жалғасы 2-бетте

БОЛАШАҚҚА ЖОЛДАМА

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен, «Дарын» республикалық ғылыми-тәжірибелік орталығымен бірлесіп, заманауи қашықтықтан ақпараттық технологияларды пайдалана отырып өткізіліп келе жатқан «Әл-Фараби» республикалық олимпиадасының үшінші шешуші кезеңінің ресми жабылуы өтті. «Әл-Фараби» республикалық олимпиадасының 1-кезеңі ақпан айының 8, 9-күндері, ал 2-кезеңі 2 наурыз күні өтті.

Олимпиаданың алғашқы кезеңіне қатысқан 11-сынып оқушыларының саны он мыңға жуық. Олар: Атырау облысынан — 488, Ақтөбе облысынан — 1042, Маңғыстау облысынан — 769, Батыс Қазақстан облысынан — 308, Шығыс Қазақстан облысынан — 554, Жамбыл облысынан — 534, Оңтүстік Қазақстан облысынан — 825, Қызылорда облысынан — 750, Алматы облысынан — 993, Қарағанды облысынан — 640, Павлодар облысынан — 618, Ақмола облысынан — 291, Солтүстік Қазақстан облысынан — 233, Қостанай облысынан — 82, Алматы қаласынан — 844, Астана қаласынан — 94 оқушы қатысты.

Олимпиаданың екінші кезеңіне 600-ге жуық оқушы өтіп, білімімен дараланған 69 қатысушы үшінші кезеңге жолдама алды. Әл-Фараби атындағы кітапханада өткен қорытынды кезеңнің ерекшелігі — жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша қатысқан оқушылар университеттің заманауи ғылыми лабораторияларында есептер шығарды, ал қоғамдақ-гуманитарлық бағыттағы қатысушылар кітапхананың ақпараттық және кітаптар ресурстарын қолдана отырып, эссе жазды және теориялық сұрақтарға жауап жазды.

Жалғасы 2-бетте

БҮГІНГІ САНДА:


В КАЗНУ ОТКРОЕТСЯ
ЦЕНТР КОМПЕТЕНЦИИ



2-стр.

ИГІЛІККЕ
БАСТАЙТЫН ЖОЛ

3-бет



МЕТЕОРОЛОГТАРДЫ
ДАЯРЛАЙТЫН
ЖАЛҒЫЗ КАФЕДРА

5-бет



В КазНУ откроется ЦЕНТР КОМПЕТЕНЦИИ



В КазНУ откроется Центр компетенции, где ученые Гонконгского политехнического университета PolyU и КазНУ будут осуществлять совместные научные проекты. К такому предварительному соглашению пришли представители двух университетов во время официальной встречи в КазНУ имени аль-Фараби. По мнению делегации университета PolyU, КазНУ имеет большие возможности и перспективы развития в индустриальной сфере и IT-технологии.

Как отметил ректор КазНУ Галым Мутанов, сегодня в Казахстане огромное значение придается тренду 4.0 и развитию IT-технологий. Центр компетенции будет площадкой для реализации многих направлений в науке, образовании и экономике. В условиях

глобализации и стремительного развития новых технологий, модель развития вуза – Университет 4.0. сегодня особенно актуальна. Задачей вузов является не только подготовка высококвалифицированных и конкурентоспособных кадров, но и реализация стратегических программ в сфере науки и образования. В этой связи КазНУ уже реализует модель университета нового поколения – «Университет 4.0» в рамках проекта Al-Farabi University Smart city и первым в Казахстане дал старт массовым открытым онлайн-курсам, что позволило запустить Национальную платформу открытого образования.

На встрече было предложено использовать суперкомпьютер, выделенный КазНУ по правительственному гранту КНР. Данный компьютер должен стать важным элементом международного IT-технопарка как будущей площадки цифрового формата для сотрудничества в области образования, науки и техники.

В свою очередь, советник директора промышленного центра (IC) НК

PolyU г-н Кам Пью Луис Чу и старший инженер-промышленник Гонконгского политехнического университета г-н Так Фай Алвин Вонг подробно рассказали о деятельности Инновационного центра университета PolyU и ознакомили с проектами. Гонконгский политехнический университет входит в пятёрку ведущих университетов Гонконга и в число 30-ти лучших университетов Азии. Университет является обладателем более 200 различных международных премий и наград, которые они получили за свои лучшие изобретения и разработки. В университете восемь факультетов, обучающихся прикладным наукам, инженерным, строительным и другим специальностям. Делегация Гонконга дала высокую оценку деятельности КазНУ и выразила готовность к расширению сотрудничества в области организации совместной научно-исследовательской деятельности и открытию базового центра компетенции.

Пресс-служба

Жалғасы. Басы 1-бетте

Жоғары ДӘРЕЖЕ

Кәсіпқой, прогрессивті көшбасшы, көрнекті ғалым және көптеген ғылыми-білім беру жобаларының бастамашысы ретінде Ғалым Мұтанов халықаралық академиялық қоғамдастықта кеңінен танымал. Еуропа кеңістігінде ғылым және білім саласындағы халықаралық ынтымақтастықты нығайтып, дамытқаны үшін ҚазҰУ ректоры Польша Республикасы қызмет орденінің Кавалер кресті, Францияның Пальма бұтағы академиялық ордені, «Білім және ғылым саласындағы көрнекті еңбегі үшін» атты атаулы алтын медалі және басқа да марапаттарға ие болған.

Оның кандидатурасын бірқатар танымал университеттер қолдады. Мысалы, Ресей халықтар достығы университетінің ректоры Владимир Филиппов, Ресей Федерациясының бұрынғы Білім және ғылым министрі, Еуропалық университеттер қауымдастығының Бас хатшысына жолдаған қолдау хатында академик Ғалым Мұтанов ассоциацияның президенті лауазымына тағайындалған жағдайда ЕУА-ның келешегі кемел боларына шынайы сенім білдірді. «Оның жетекшілігімен ҚазҰУ әлемдегі алдыңғы қатарлы университеттердің біріне айналды», – деп жазылған РХДУ ректорының жолдауында.

Қазақстан өкілінің жоғары лауазымға ұсынылуы – мемлекеттің жоғары білім жүйесіндегі жетістіктерінің әлемдік деңгейде танылуының жарқын көрінісі.

ӨЗ ТІЛШІМІЗДЕН

Жалғасы. Басы 1-бетте

БОЛАШАҚҚА ЖОЛДАМА



Сонымен қатар ғылыми-зерттеу жұмысы тәжірибелік дағдыларын қалыптастыру үшін Республикалық олимпиада қатысушылары қосымша ғылыми жоба жұмыстарын қорғады. Бұл жоба жұмыстарына әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқытушылары ғылыми жетекші етіп, тақырыптарын меңгеруге көмек берді. Бұл аралас тәсіл оқушылардың кешенді білімін және өзіндік зерттеу жұмыстарына қабілетін бағалауға мүмкіндік береді.

Биылғы олимпиаданың шешуші кезеңінің қорытындысы бойынша және олимпиаданың қазылар алқасының ұжымдық шешімімен жеңімпаздарға 1, 2, 3 дәрежелі 35 орын берілді.

Биылғы жылдың басты ерекшелігі – барлық жеңімпаздар университет грантына ие болды.

Шараның салтанатты жабылуында Қазақ ұлттық университетінің оқу ісі жөніндегі проректоры Асқар Құсыпбекұлы: «Құрметті олимпиада қатысушылары! Жеңістеріңіз құтты болсын! Бұл жеңіс – болашақтарыңызға бастар алғашқы қадамдарыңыз! Өздеріңіздің білімдеріңіз бен еңбектеріңіздің арқасында әлі талай жетістіктерге жетіп, биік шыңдарды бағындыратындарыңызға біз сенеміз!» – деп қорытынды сөз сөйлеп, білімгерлерге ақ жол тіледі.

ӨЗ ТІЛШІМІЗДЕН

ҚЫСҚА-НҰСҚА

Физика-техникалық факультетінде Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесіне орай «Физика және астрономия» мамандығы бойынша білім алушы студенттер мен аға оқытушы Гүлмира Ташкеева мен эдвайзер Ақмарал Төлегеновалардың ұйымдастыруымен «Астронамдар ауылында – Наурыз тойы!» атты кеш өткізілді.

Кешті ұйымдастырудағы мақсат – амандық-саулық, ақ тілек, меймандостық, жалпы ұлтымызға тән тамаша сән-салтанатымен, думанды тойымен, ән-жырымен паш етілетін Наурыз мейрамының қалай өткізілетіні, мейрам кезінде болатын, қазір ұмытыла бастаған салт-дәстүрлер мен ұлттық ойындар туралы айту.

Кеште Наурыз мейрамының қалай және қашан пайда болғаны физика мен астрономия саласы тұрғысынан түсіндірілді. Студенттер өздерінің би, ән-жырларымен кешке келген қонақтардың жүздеріне күлкі сыйлап, ауызбіршілікпен ақ дастархан жайды.

Ә. САПАРӘЛІ, Б. ДӘУРЕНОВА
3-курс студенттері

Филология және әлем тілдері факультетінде оқытушы Нұржан Нағашбеков пен «Көмек» қоғамдық қорының факультеттегі төрағасы Медина Смадиярдың бастамасымен қайырымдылық жәрменкесі өткізілді.

Мұндағы мақсат жастарды қамқорлық жасау, өзінде бармен бөлісу, мұқтаж жандарға көмектесу арқылы қайырымдылыққа тарту, көмекке мұқтаж жандарға қажетті қаражатты жинау болды. Студенттер сатуға қойылған тағамдарды өз қолдарымен дайындады. Біріншіден, студенттер осы игі істерімен қайырымдылық жасаса, екіншіден, студенттерді еңбекке баулу көзделді. Жәрменке ойдағыдай жаксы өтті. Жаксылық жасап, жарысайық!

Бағдат НАУБАЙ,
филология және әлем тілдері
факультетінің оқытушысы

Еуропа аймағында Еуропалық имундау апталығы өтуде. Бұл шараға ҚазҰУ студенттері де белсене қатысуда.

Имундау апталығы барлық адамдарды вакцинамен алдын ала жұқпалы аурулардан қорғауға бағытталған. Әлемде 19 миллионнан астам вакцинацияланбаған балалар бар. ДДҰ мәліметі бойынша, әрбір оныншы бала ешқашан вакцинацияланбаған және дәрігерлердің көмегіне мүлдем жүгінбеген. Осының салдарынан әлемде көптеген адамдар қатерлі ауруларға душар болады. Осындай келеңсіздікке орын бермеу мақсатында медицина факультетінің студенттері де өз үлестерін қосып, халық арасында вакцинацияның тиімділігі туралы кеңінен насихаттап түсіндіру шараларын өткізді.

Эпидемиология және гигиена кафедрасы

Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласын қызыға оқып қана қоймай, оны өзімнің кураторлық топтарыммен талқылады.

РУХАНИ жаңғырудың жарқын жолы

Елбасының елдің бүгінгі мен болашағы туралы ойы, Отанға, елге, ұлттық құндылықтарға деген сүйіспеншілігі сүйсінтеді және тебірене сыр шерткенде, қуанасың, елін ойлайтын нағыз ер екендігіне бас иесің. Ұлттық болмыс пен бірегейлікті сақтай отырып, сананы жаңғырту және білімділікке ұмтылу Елбасы мақаласының өн бойына алтын арқау болып өрілген. Осынау бағдарламалық мақалада қазіргі уақыттағы ұлттық сана, таяу жылдардағы міндеттерге қатысты бірқатар мәселелер айтылды. «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айкындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында». Осыған байланысты әрбір білім алып жатқан азамат үш тілді меңгеріп қана қоймай, бәсекеге қабілетті, іскер болу керек. «Прагматизм—өзінің ұлттық және жеке байлығынды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағынды жоспарлай алу, ысырапшылық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердендікке жол бермеу деген сөз». Студенттерге қазіргі қоғамда шынайы мәдениеттің белгісі — орынсыз сән-салтанат емес, керісінше, ұстамдылық, қанағатшылық пен қарапайымдылық, үнемшілдік пен орынды пайдалану көргенділікті көрсетеді деп түсіндірдім.

«Ұлттық бірегейлік сақтау — біріншісі — ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі — алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек. Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу—біздің қанымызда бар қасиет. Экономиканың кәсіптік сипаты бұрын-соңды ешбір дәуірде мұншама жедел өзгермеген». Бұл — білім саласындағы жаһандық бәсекеге неғұрлым бейімделген мамандарды даярлау деген сөз. Кез келген білімді жас өмір талабына сай мамандықты өзгертіп, нарықтық экономикаға бейімделе алу керек. Ең басты капитал білім екендігін түсініп қана қоймай, үнемі жетілдіріп отыру керек. Білім — әр адамның рухани азығы. Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала беретіндігі анық, сол үшін біз үнемі жетіліп, ізденіп, дамып отыруымыз керек. Қазіргі кездегі латын әліпбиіне көшу ұсынысы да орынды, бұл биологтар үшін аса қиындық тудырмайды, себебі биологияда кездесетін терминдердің көпшілігі латыннан аударылған және біз латын әріптерін арнайы курста оқып танысқанбыз. Сонымен қоса, ағылшын тілін меңгеру арқылы әлемнің кез келген жерінде отырып, ғылым мен білімнің көкжиегіне шыға алады деген сөз деп ойымды қорытындылады.

Студенттер де асқан қызығушылықпен тындап, өз пікірлерімен бөлісті. Топ басшысы Сымбат Медиум: «Сіз қолымызға ұстатқан мақаланы оқып, еліміздің ертеңі біздің әрқайсымызға байланысты екендігін терең ұқтым. Қазақ болып туғанымды мақтан тұттым. Сынаптай сырғыған уақыт ешкімді күтіп тұрмайды, жаңғыру да тарихтың өзі сияқты жалғаса беретін процесс деп ойлаймын. Еліміздегі бейбітшілік, тыныштық—Елбасының ерен еңбегі мен саликалы саясатының арқасы. Біз Елбасын қолдаймыз. Тәуелсіз еліміздің бірлігі мен берекесі жолында еңбек етер азаматтарымыз көп болсын деп тілеймін», — деді. Топ студенті Әлия Әлімжан да өз ойын ортаға салды: «Мен де өз ойымды айтқым келеді. Елбасының мақаласы бұрынғы Тәуке ханның Жеті жарғысындай деп айтсам болады. Себебі, аса өзекті әрі дер кезінде жарияланып отыр. Еліміз күннен-күнге көркеюде. Латын әліпбиін де қолдаймын. Барлық куратор-эдвайзерлер осындай талқылаулар өткізіп тұрса, жастардың бойындағы отансүйгіштік сезім күшейе түсер еді».

Ж.Ж. ЧУНЕТОВА,

б.ғ.к., биология және биотехнология факультетінің доценті

Игілікке бастайтын жол

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, халықаралық қатынастар факультеті, халықаралық құқық кафедрасының оқытушы-профессорлар құрамы Елбасының бес әлеуметтік бастамасын жоғары ықыласпен қабылдады.

Аса қызықтырған мәселе — бес әлеуметтік бастаманың әлеуметтік бағытты кеңінен қамтуы. Атап айтқанда, бірінші бастама «Әрбір отбасына баспана алудың жана мүмкіндіктерін беру». Мемлекет басшысы осы бірінші бастамасында жұмыс істейтін әрбір адам несиеге пәтер сатып алып, оны отбасылық бюджетінің мүмкіндіктері аясында төлей алатындай болуы үшін арзан ресурстар ұсынатын тетіктер қажет екендігін айтты. Сондықтан мемлекет басшысы «7-20-25» бағдарламасын ұсынды. Несие өсімінің мөлшерлемесі қазіргідей 14-16 емес, жылына 7 проценттен аспайтын болады. Қазір банктер бастапқы жарнаға баспана құнының 30 пайызы, кейде 50 пайызға дейін салуды талап етсе, бұл бағдарлама бойынша ол 20 пайыздан аспауы тиіс.

Несие алушының ай сайынғы төлемін азайту үшін оның мерзімі 10-15 емес, 25 жылға дейін созу жоспарланды. Кафедрамызда университетті жанадан тәмамдап, қызмет жолын ұлттық университетімізде бастаған жас мамандар арасында жеткілікті. Сонымен қатар, пәтерлерін кеңейткісі келіп жүрген ұстаздар да арамызда жеткілікті.

Аталған бастаманы естіген халықаралық құқық кафедрасының оқытушы-профессорлар құрамы мемлекет басшысының әлеуметтік бағытта ұсынып отырған бастамаларын қызу қолдап, көпшілігі бөрікін аспанға ата қуанды. Себебі, қазіргідей банктерде несие мөлшерлемесі қымбат болып тұрған тұста оқытушылардың пәтер сатып алу немесе оны кеңейту туралы ойлауға мұршасы болмайтын еді. Сондықтан да, Президенттің бірінші бастамасы қолдауға толықтай лайық деп қуанды оқытушылар.

Президенттің екінші бастамасы да оқытушылардың көкейдегісін дөп басты. Екінші бастама «Жалақысы төмен жұмысшылардың еңбекақысын көбейту үшін олардың салық жүктемесін азайту. Салыстырмалы түрде жалақысы төмен қазақстандықтарды қолдау үшін 2019 жылдың 1 қантарынан бастап олардың салық жүктемесін 10 есеге азайтып, 1 процент қана салық салуды ұсынамын. Ай сайынғы ең төменгі көрсеткіштің



25 еселенген көлемінен аз жалақы алатындарға салынатын жеке табыс салығын азайту арқылы олардың салық жүктемесін жеңілдету керек. Ал осылайша салықты азайтудан шығатын қаржы олардың жалақысын көбейтуге жұмысалуы қажет. Нәтижесінде, еліміздегі барша жалдамалы жұмыскерлердің кемінде үштен бірінің, бұл екі миллионнан астам адам, жалақысы жұмыс берушіге салмақ салмай-ақ көбейетін болады», — деді Елбасы. Қазіргі кезде университетте жұмыс істеп жүрген жас оқытушылардың жалақысы да жоғары деп айта алмаймыз. Сол себептен де аталған бастаманы халықаралық құқық кафедрасының оқытушы-профессорлар құрамы бірауыздан жылы қабылдады. Аталған жеңілдік салық жүктемесін азайту арқылы оқытушылардың еңбекақысын едәуір өсіруге септігін тигізеді. Бұл өз кезегінде Елбасымыздың жүргізіп отырған әлеуметтік бастамаларын зиялы қауымның қызу қолдауына алып келеді. Сананы тұрмыс билейді дейтін қағида белгілі. Ғалымдардың жалақысы жоғары болса, бар білімі мен ақыл-ойын алаңсыз қоғамның дамуы үшін жұмсайды.

Елбасының үшінші әлеуметтік бастамасы «Жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттырып, студент жастардың жатақханадағы жағдайын жақсарту». Қазір еліміздің жоғары оқу орындарында 530 мыңнан астам жас оқып жатыр, олардың 30 процентке жуығы мемлекет бөлген грантпен білім алуда. Жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттыру үшін Елбасы бірқатар шараларды ұсынды. Қазір жыл сайын бөлінетін 54 мың грантка қосымша 2018-2019 оқу

жылында тағы 20 мың грант бөлу керектігін тілге тиек етті. Оның 11 мыңы техникалық мамандықтар бойынша бакалаврлық білім беруге тиесілі болады. Бұл төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы жана экономикада зор сұранысқа ие болатын сан мың жаңа маманды даярлауға мүмкіндік береді. Мұнда ең алдымен инженерлер, ақпараттық технология, робот техникасы, нанотехнология саласының мамандары туралы сөз болып отыр. Сонымен бірге, техникалық және ауыл шаруашылығы мамандықтары бойынша барлық жоғары оқу орындары гранттарының құнын ұлттық жоғары оқу орындарының гранттары деңгейіне дейін көтеру керек.

Аталған шаралар орта мектеп түлектерін жоғары біліммен неғұрлым көбірек қамтуға мүмкіндік береді, бұл — жалпы әлемдік тренд. Сонымен бірге, адам ресурстарына салынатын үлкен салым.

«Біз әлемдік стандарттарға сай білім беру жүйесін қалыптастыра отырып, студенттердің білім алуына және тұратын жеріне жағдай жасауға тиісті назар аударуымыз қажет. Қазір жоғары оқу орындары мен колледждердің студенттерін жатақханамен қамтамасыз ету мәселесі өте өзекті. Бұл міндетті шешу үшін жоғары оқу орындары, колледждер мен девелоперлік компаниялар мемлекет пен жеке меншіктің серіктестігі қағидасымен жатақхана салуды бастауы керек», — делінген Елбасы бастамасында.

Мемлекет өз тарапынан Білім және ғылым министрлігі арқылы жатақхана құрылысына жұмсалған инвестициялардың белгілі бір бөлігі біртіндеп қайтарылуына кепілдік береді. Елбасы 2022 жылдың соңына дейін студенттерге арнап кемінде 75 мың орындық жана жатақхана салуды тапсырды. Аталған үшінші бастама да ғалымдардың тарапынан үлкен қолдау тапты. Өйткені, студенттерге сабақ беретін ұстаздар ретінде студенттерге гранттар көптеп бөлінсе, оқытушылардың да оқу жүктемесі арта түсетін еді. Студенттердің әлеуметтік жағдайы жақсарған сайын университетте еңбек етіп жүрген ұстаздар қауымы да өздерінің шәкірттерінің әлеуметтік жағдайына алаңдамайтын еді. Студенттердің жатақханамен толықтай қамтамасыз етілуі олардың алаңсыз білім алуы үшін жағдай туғызады деген ойда оқытушылар.

Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, оның ішінде халықаралық құқық кафедрасының оқытушы-профессорлар құрамы Елбасының әлеуметтік бастамаларын толықтай қолдап, оны насихаттауға және жүзеге асыруға шақырады.

Н.С. ЖЕТІБАЕВ,

халықаралық құқық кафедрасының доценті, заң ғылымдарының кандидаты



В КазНУ состоялась встреча с делегацией из Польши во главе с Чрезвычайным и Полномочным Послом Республики Польша в Казахстане Селимом Хазбиевичем

Халықаралық тәжірибе алаңы

Жуырда Шантиникетанда (Батыс Бенгалия) орналасқан мемлекеттік Вишва-Бхарати университеті тілдер факультетінің арабтану, ирантану, үндітану және исламтану кафедрасының ұйымдастыруымен «Жаһандық бейбітшілік және тіл мен әдебиет арқылы орнықты даму: арман мен дизайн» тақырыбында өткен халықаралық семинарға Үндістанның белді жоғары оқу орындарының профессорларымен бірге алыс-жақын шет елдерден, оның ішінде Қазақстан, Иран, Ауғанстан, Қырғызстан және Тайландтан арнайы шақырылған профессорлар мен зерттеушілер қатысты. Өзіндік құнды идеялар мен жаңалықтарға толы халықаралық семинарға шығыстану факультетінің Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасынан біз қатысып, өз пікірлерімізбен бөлісіп қайттық.

Рабиндранатх Тагор араб, парсы, урду және ислам зерттеулерін терең қарастырып, ғылымның көкжиегіне жеткізуді мақсат тұтқан тұлға еді. Аталмыш идея негізінде университеттің тілдер факультетінде араб, парсы, урду және исламтану мамандарын даярлайтын бөлім ашылып, бүгінгі күнге дейін қарқынды жұмыс істеп келеді. Жыл сайын Үндістан үкіметінің қаржыландыруымен аталған бөлімде ғылыми



семинарлар мен конференциялар өтіп, жан-жақтан келген ғалымдардың құнды пікірлерімен бөлісіп тұрады.

Аталмыш университеттің негізін ХХ ғасырдың басында үнді халқының жазушысы, акын, композитор, суретші, қоғам қайраткері Рабиндранат Тагор қалаған. Рабиндранат Тагордың шығармашылығындағы Бенгал әдебиеті мен музыкасы Үндістанның мәдени-рухани өмірін таныстырады. Ол — әдебиет бойынша еуропалықтар арасында алғаш «Новель сыйлығымен» марапатталған тұлға.

Сондай-ақ шара аясында Қазақстанның жетекші университеті әл-Фараби атындағы

ҚазҰУ өкілі ретінде біз университет ректоры Сабужколи Сен ханымның қабылдауында болдық. Кездесуде екіжақты ынтымақтастық, академиялық алмасулар және қос дипломдық білім беру бағдарламасы мәселелері талқыланды. Үндістан тарапы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-мен ынтымақтастық орнатуға қызығушылықтарын білдірді.

Зәуре ИСКАКОВА

үндітанушы ұстаз, аға оқытушы;

Дариға КӨКЕЕВА,

үндітану бөлімінің меңгерушісі

Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасы

ТАҒЫЛЫМДЫ ШАРА

Жуырда халықаралық қатынастар факультетінде «Нәзір Төреқұлов – қазақтың тұңғыш кәсіби дипломаты» атты дөңгелек үстел өтті. Шараға факультет оқытушылары мен студенттер қатысты.

Шараның негізгі мақсаты — кеңестік кезеңде қазақтан шыққан тұңғыш кәсіби дипломат Нәзір Төреқұловтың өмірі мен қызметі туралы мәліметтермен бөлісу, ұлы тұлғаның ғибратты өмірін насихаттау, болашақ жас мамандарға ұлтжандылық рухты насихаттау.

Дөңгелек үстелді ашқан модератор А.Р.Әліпбаев университет бойынша ұйымдастырылған «Фараби әлемі» форумына қатысушылардың жұмысына сәттілік тілей отырып, дөңгелек үстелдің құрметті қонағы, «Нәзір Төреқұлов» халықаралық қайырым-дылық қорының төрағасы, э.ғ.д., профессор Ә.Ж.Сапарбаевты таныстырды. Профессор Ә.Ж.Сапарбаевтың алғы сөзінен кейін 2017 жылы жарыққа шыққан қысқа метражды «Нәзірдің жарық жұлдызы» атты танымдық деректі фильм көрсетілді.

Факультет деканының орынбасары Д.К.Жекенов талдауға алынған тақырыптың өзектілігін дәйектей келе, пікір алмасудың нәтижелі болуын тіледі. Доцент Б.З.Бюжеева Нәзір Төреқұловтың дипломатия саласындағы қызметінің бүгінгі дипломатиялық қызметкерлерге үлгі-өнеге болатындығы жайлы айтып, студенттер арасында танымдық насихатты арттыра түсу қажеттілігін, болашақта ынталандыру шараларын қарастыру және осы шараны жылда өткізу жөнінде ұсыныс жасады.

«Студенттік дипмиссия» және «Жас дипломаттар» үйірмесінің студенттері: А.Әбікенова, А.Батталова, К.Мұратаева, А.Тарғын, М.Амандыкова, Д.Қыдыр-әлина, Ұ.Боранова, А.Жексенова және т.б. пікір алмасу барысында белсенділік танытты.

А.Р. ӘЛІПБАЕВ,

халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының доценті

Помнится, Маленький Принц у Сент-Экзюпери говорил: Есть такое твердое правило: встал поутру, умылся, привел себя в порядок – и сразу же приведи в порядок свою планету. Университет – это наша Планета, и за порядок на ней отвечаем все мы.

По инициативе ректора академик Г.М.Мутанова Профсоюз «Парасат» работников КазНУ провел традиционный «Конкурс чистоты». Комиссия профкома определяла лучшую кафедру, лучший факультет, лучший учебный корпус, лучшее общежитие и лучшее структурное подразделение КазНУ им. аль-Фараби. Оценивалась не только чистота помещений и территории, но и озеленение, оформление, сохранность мебели и инвентаря. Комиссии профкома КазНУ пришлось обойти буквально весь университет. Как подчеркнул председатель профсоюза «Парасат» Талгат Мекебаев, конкурс проводился в восьмой раз, и за прошедшие годы он разительно изменился. Поменялось, прежде всего, отношение людей. Теперь для победы недостаточно только чистоты и красочного оформления. Нужно показать комиссии, что факультеты, подразделения, корпуса, кафедры и общежития не стоят на месте, они постоянно развиваются и совершенствуются. В этом году учитывалось и то, как соблюдается режим экономии — подразделения, где без надобности горели лампочки и текла из кранов вода, не имели шансов на победу. Впервые обращали внимание на противопожарную безопасность. Все участники очень старались, поэтому в некоторых номинациях победителей оказалось несколько.

21 апреля лучшие кафедры, подразделения, факультеты, общежития и учебные корпуса наградили во время празднования Наурыз. Ректор КазНУ им. аль-Фараби академик Г.М.Мутанов лично

Конкурс Чистоты



Фото: Д. Балабекулы

вручил победителям дипломы. Все участники конкурса отметили, что именно такими мероприятиями, совместной работой на общее благо и поддерживается корпоративный дух университета.

Профсоюз «Парасат» работников КазНУ подвел итоги «Конкурса чистоты» и выделил призы обладателям первых, вторых и третьих мест. По итогам работы комиссия определила следующих победителей.

В номинации «Лучший учебный корпус» 3-е место разделили корпус факультета довузовского образования и корпус факультета химии и химической технологии. В качестве подарка эти подразделения получили чайные сервизы на двенадцать персон.

2-е место разделили корпус механико-математического факультета и корпус факультета географии и природопользования.

Их призом стали микроволновые печи. Лучшим учебным корпусом назван корпус факультета истории, археологии и этнологии. Призом победителю стал диспенсер для воды.

В соревновании за лучшее структурное подразделение два третьих места разделили научно-исследовательский институт математики и механики и научно-исследовательский институт экспериментальной и теоретической физики. Эти институты были награждены чайными сервизами. 2-е место присуждено Институту Конфуция. Подарком коллективу стала микроволновая печь. Лучшим структурным подразделением признана Военная кафедра. В награду кафедра получила диспенсер для воды.

В конкурсе на лучшее общежитие третье место завоевало общежитие №1 физико-технического факультета. Коллектив

общежития награжден чайным сервизом. Второе место завоевало общежитие № 17 факультета филологии и мировых языков. Призом стала микроволновая печь. Лучшим признано общежитие №14 факультетов востоковедения, международных отношений и довузовского образования. Награда для победителя — пылесос.

В номинации «Лучшая кафедра» были присуждены два третьих места - кафедре общего языкознания и европейских языков и кафедре педагогики и образовательного менеджмента. Кафедры награждены чайными сервизами. Второе место разделили кафедра русской филологии и мировой литературы кафедра теплофизики и технической физики. Эти кафедры были награждены термопотами. Победителями стали кафедра гражданского права и гражданского процесса, трудового права и кафедра биотехнологии. Призы победителям — микроволновые печи.

В номинации «Лучший факультет» три третьих места разделили факультет философии и политологии, факультет журналистики и факультет биологии и биотехнологии. Все они стали обладателями чайных сервизов. Второе место получили факультет филологии и мировых языков и факультет востоковедения. Призами за второе место стали микроволновые печи. Первое место завоевал юридический факультет. Победитель был награжден ноутбуком.

Самым главным итогом конкурса председатель Профсоюза «Парасат» Т.К.Мекебаев считает то, что в конкурсе были победители, но не было побежденных, так как благодаря им наш университет стал чище и красивее.

Ольга ЛОЖНИКОВА,

заместитель председателя Профсоюза

«Парасат» работников КазНУ

ҚазҰУ-да «ХХ ғасырдың басынан бастап бүгінге дейін Түркі әлемінің саяси, экономикалық және мәдени дамуы» атты халықаралық симпозиумы өтті

1943 жылы 10 мамыр күні Қостанай өңірінде тұратын Отан соғысының ардагері Хәкім атаның отбасында қыз бала дүниеге келді. Есімін Тиыштық деп атаған қыз бала білімге құштар, талапты болып өсті. Ол 1960 жылы оныншы сыныпта оқып жүргенде Қостанай қаласында «Бірінші облыстық математика пәнінен оқушылар олимпиадасының» жүлдегері атанды. Оқудағы жетістіктері арқылы Қара-Оба орта мектебін күміс медальмен аяқтап, С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің механика-математика факультетіне оқуға түсті. 1965 жылы ҚазМУ-ды «Математика» мамандығы бойынша аяқтады.

ҰСТАЗДЫҚ – ҰЛЫ ІС



келеді. Талмай іздену арқасында «Информатика және математиканы оқытудың теориясы және әдістемесі» мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін диссертация қорғап, «Информатика, есептеу техникасы және басқару» мамандығы бойынша доцент ғылыми атағына ие болды.

Оның 166-дан аса ғылыми макала, оқулық, оқу құралдары жарияланды. Соның ішінде 33 оқулық (соның 19-ы қазақ тілінде жазылған), 12-сі электронды оқулық.

Тиыштық Хәкімқызынан дәріс алған үздік шәкірттер еліміздің түпкір-түкпірінде және шет мемлекеттерде әр салада қызмет атқарып жүр.

Жас ұрпақты тәрбиелеу және білім саласына сіңірген еңбегі үшін ҚР Ғылым және білім министрлігінің «Құрмет грамотасымен» марапатталған.

Тиыштық Хәкімқызы жас ұрпақты тәрбиелеуде қытай философының: «Маған жай айтсаң, ұмытамын, көрсетсең, есімде сақтаймын, ал өзімді іс-әрекетке қатыстырсаң, үйренемін» деген даналығын берік ұстанған. Білім алу—шының білімге ықыласын арттыруда ұлағатты ұстаз ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, өзіндік

ізденіс жүргізуді тәжірибеде жүзеге асырудың маңызды екендігін көрсетеді.

Тиыштық Хәкімқызы еңбеккер, әріптестер арасында сыйлы, абыройлы. Еңбек жолында да үнемі білімін жетілдіріп отырады, мысалы, ағылшын тілінде семинар-тренингтерге қатысып алған сертификаттарын атауға болады.

Тиыштық Хәкімқызы — ұстаздықпен қатар келін түсіріп, немере сүйіп отырған аяулы да ардақты ана. Ұлы Майлен мен келіні Ильмира механика-математика факультетінің түлектері, немерелері Арыстан Қазақстан-Британ техникалық университетінің «Ақпараттық жүйелер» мамандығы бойынша магистрін бітіріп, осы салада қызмет атқарса, Карина Лондон қаласында экономика саласында қызмет етуде.

ҚазҰУ-дың ақпараттық технологиялар факультеті информатика кафедрасының ұжымы ұстаз, әдіскер, ғалым Тиыштық Хәкімқызын ұстаздық қызметіне жарты ғасыр және 75 жасқа толған мерейтойымен шын жүректен құттықтайды. Сізге зор денсаулық, шығармашылық шабыт, отбасыңызға амандық-саулық, бақ-береке, ынтымақ тілейміз!

*Ақпараттық технологиялар факультеті,
информатика кафедрасы ұжымы атынан п.ғ.к.,
доцент Л.Б. РАХИМЖАНОВА,
аға оқытушы Ж.Х. СПАБЕКОВА*

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – еліміздің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орны. Жетекші ұлттық университетке әл-Фараби есімінің берілуі бұрынғы ата-бабаларымыздың мәдениеті мен тарихи ғибраттары арқылы студент жастарды тәрбиелеуде және Отанға деген сүйіспеншілік рухында білім беруде аса зор мәнге ие. Қазақ даласының ұлы перзенті әл-Фараби түрік, араб және парсы тілдерінде еңбектер жазып, соңына өшпес мол мұра қалдырды. Әлемдік ғылым мен мәдениет тарихында әл-Фараби есімі биік тұр. Оның еңбектері түркі және қазақ философиясының дамуына сүбелі үлес қосып қана қоймай, Шығыс пен Батыс мәдениеті диалогында көпір болды.

Қазақ ұлттық университеті — Қазақстан ЖОО-ларының ұлттық рейтингісі бойынша көшбасшы, мемлекетіміздің тарихында алғашқы болып «Сапа саласындағы жетістіктері үшін» Қазақстан Республикасы Президенті сыйлығының лауреаты, Тәуелсіз мемлекеттер достастығының «Қызметтер мен өнім сапасы саласындағы жетістіктері үшін» сыйлығының дипломанты атанды. Сондай-ақ ҚазҰУ Халықаралық университеттер қауымдастығының мүшесі және Еуразиялық университеттер қауымдастығының ұйымдастырушысы.

Университет жоғары білікті мамандарды даярлауға, әлемдік білім кеңестігіне интеграциялануға, өндіріске енгізілетін фундаменталды және қолданбалы зерттеулерді дамытуға бағытталатын кең көлемдегі білім, ғылыми, рухани-тәрбиелік, инновациялық және өндіруші күшке ие. Бүгінгі таңда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ — алуан түрлі мамандықтарды ұсынатын білім және ғылым ордасы.

Университет құрамында 15 факультет, 20-дан астам ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтары, технопарк бар. Оларда 2000-нан астам профессорлар, докторлар, ғылым кандидаттары мен философия докторлары, оның ішінде 100-ден астам академиктер, 30-ға жуық Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген қайраткерлер, 30-дан астам Қазақстан Республикасының мемлекеттік және атаулы сыйлығының лауреаттары, сондай-ақ 40 жас ғалымдар сыйлығының лауреаты мен 45 мемлекеттік ғылыми шәкіртақылардың иегерлері еңбек етеді. Университетте 18 мыңнан

өңдеуді ғылыми зерттеулерде қолдану пәндерінің жалпы курсынан дәріс оқып, оқулықтар, әдістемелік құралдар жазып, бар күш-жігерін шәкірт даярлауға жұмылдырып

астам білімгерлер мен көпсалалы жоғары кәсіби білім жүйесі бойынша магистранттар білім алуда.


География және табиғатты пайдалану факультетінің метеорология және гидрология кафедрасы — университеттегі үздік ұжымдардың бірі.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 2011 жылдың қыркүйегінде өткен құрылымдық өзгерістерге байланысты география және табиғатты пайдалану факультетінде метеорология және құрлық гидрологиясы кафедраларының бірігуі нәтижесінде жаңа кафедра — метеорология және гидрология кафедрасы құрылған еді. Метеорология кафедрасы 1961 жылдың 1 қыркүйегінде ашылды. Кафедраның алғашқы менгерушісі, ф-м.ғ.к., доцент З.П. Коженкова болды. «Метеорология» мамандығына алғашқы студенттерді қабылдау 1961 жылы басталды, ал 1965 жылы алғашқы инженер-метеорологтар түлеп ұшты.

Метеорология кафедрасы елімізде метеоролог мамандарды даярлайтын жалғыз оқу орны ретінде ауа райының кейбір қауіпті құбылыстары — найзағай, конвективті бұлттылықтар, қатты желдер, экстремалды температура мен жауын-шашын жағдайларын үйренуден бастап, Қазақстан территориясындағы ластану потенциалын бағалау, климаттың өзгеру тенденциясы, күн энергиясының кедергісіз потенциалына дейін; экстремальды ауа температурасының алабын қалыптастыратын термикалық режим мен макроциркуляциялық жағдайлардың ерекшеліктерін зерттеу; Қазақстандағы катал қысты зерттеу; Оңтүстік Қазақстандағы экстремальды жауын-шашынның режимін зерттеу; атмосфераның төменгі қабатындағы желдік режимді зерттеу; Қазақстан территориясындағы мол жауын-шашындарды және басқа қауіпті құбылыстарды туғызатын оңтүстік циклондардың сипаттамалары, сонымен қатар жайылымдағы агроклиматтық потенциалды зерттеу туралы ғылыми жұмыстар жүргізеді. Кафедраның ғылыми жұмыстары «Қазгидрометтің» ғылыми және өндірістік бөлімшелерімен тығыз байланыста өтеді.

Метеорология кафедрасы тәжірибе алмасу мақсатында шетелдік ЖОО-лармен де тығыз қарым-қатынаста жұмыс атқаруда. Кафедрада «Зерттеу және білім беру саласындағы халықаралық стратегиялық әріптестік»

МЕТЕОРОЛОГТАРДЫ даярлайтын жалғыз кафедра



(«International Strategic Partnerships in Research and Education») атты халықаралық ғылыми-білім беру жобасы іске асырылуда. Сонымен қатар кафедра Ресей Федерациясы мен Қазақстан мемлекетінің экономикалық қарым-қатынасы арасындағы 2008—2011 жылдарғы білім және ғылым саласы бойынша бағдарламаларына қатысуда. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Ресей гидрометеорологиялық университеті (РГГМУ) арасында келісімшартқа қол қойылды.

Мәскеу мемлекеттік университетінің метеорология және климатология кафедрасы, Қазан, Санкт-Петербург, Қыыр Шығыс, Томск, Қырғыз-Славян университеттері, Одесса гидрометеорология институтымен тығыз байланыс орнатылған. Метеоролог мамандығын дайындайтын оқу мекемелерімен қатар кафедра өндірістік мекемелер: ЖАҚ «Оптэк» (Мәскеу), МЕҰ «Мэп Мейкерс», Росгидрометорталығымен де тығыз әріптестік байланыста.

Айта кетерлігі, метеорология кафедрасы студенттерді тәжірибелік тұрғыдан шыңдауда Қазгидромет, Қазақ аэронавигациялық орталығы (Қазавиамет), Қазақ климат және экология ғылыми-зерттеу институты, География, сейсмология, космостық зерттеу институты, Казмеханообр және бірқатар ірі

фирмалармен бірге жұмыс істейді.

Метеорология кафедрасын бітірген түлектердің 80%-дан астамы жұмыспен қамтамасыз етіледі. Қазақстанда метеоролог қызметкерлерді даярлайтын жалғыз әрі іргелі оқу орны болғандықтан, бітірушілерге сұраныс көп. Түлектеріміз тек Қазақстанда ғана емес, сонымен қатар шет елдердің метеорологиялық орталықтарында қызмет атқаруда. Сондай үздік түлектеріміздің бірі — 1995 жылы бітірген Дмитрий Данчук Антарктида материгінің «Кейси» станциясынан кафедрамызға өз алғысын айтып, алдағы уақытта оқу және ғылым саласында жетістікке жетуімізге тілектестігін білдіріп хат жолдады.

Кафедра ұжымы үшін бұл мақтауға тұрарлық жетістік. Университет басшысы Ғалым Мұтанұлы үнемі тілге тиек ететіндей, үздік түлектер — университет мақтанышы, ҚазҰУ-дың сапалы қызметінің көрсеткіші. Сондықтан кафедра даңқты түлектерімен мақтанса, түлектеріміз де білім нәрін беріп, ғылымның тереңінен сусындатқан ұстаздары, кафедрасы, факультеті, туған университетімен мақтанады.

Гүлнұр МУСРАЛИНОВА,
*метеорология және гидрология кафедрасының
аға оқытушысы*

В КазНУ состоялась лекция эксперта по международным медиа, главы коммерческого представительства телеканала «BBC World News» Сергея Становкина

Жуырда шығыстану факультеті ТҮРКСОЙ кафедрасында екі ел арасындағы рухани, мәдени, достық және ғылым-білім саласындағы байланыстарды нығайту, студенттерге түрік мәдениеті мен тарихын, әдебиеті мен өнерін таныту мақсатымен Түрік апталығы ұйымдастырылды.

5 күн жалғасқан апталықтың алғашқы күнінде ТҮРКСОЙ кафедрасы студенттері арасында «Genç liğin Günümüz Sorunlarına Bakış Aç lar», «Dost Kötü Günde Belli Olur», «Kazakistan-Türkiye Kardeş Ülkeler» атты тақырыптарда шығарма жазу сайысы ұйымдастырылды және «Түркі әлемі және бауырластық» атты семинар жүргізілді.

Апталықтың екінші күнінде Түркия Республикасының Алматыдағы Бас консулы Рыза Қаған Йылмаз «Қазақстан мен Түркия достық кемесінде» тақырыбы аясында консулдық сағат жүргізді. Консулдық сағатқа Түркия Республикасының Алматыдағы Бас консулы Рыза Қаған Йылмаз, вице-консулдар Алтай Алпер және Мехмет Дүзгін, коммерциялық атташе Осман Бозтепе, атташе Хилми Сүрмелі, шығыстану факультетінің деканы, PhD., П.М. Ықтияр, ТҮРКСОЙ бөлімі менгерушісі Т.Е.Қыдыр, ТҮРКСОЙ кафедрасы оқытушы-профессорлар құрамы мен студенттер қатысты. Түркия Республикасының Алматыдағы Бас консулы Рыза Қаған Йылмаз өз сұхбатында Түркия мен Қазақстан арасындағы достық күшін ортақ тарихи мәдени байланыстан алатындығын, жаһандану жағдайындағы тәуелсіз Қазақстан мен Түркия

ТҮРІК АПТАЛЫҒЫ АТАП ӨТІЛДІ



республикасының өзара байланысы және оның болашағына деген сенімінің мол екендігін, қазіргі таңда ең басты мәселенің екі ел қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, Қазақстан мен Түркияның достық қарым-қатынастарын одан ары нығайтып, дипломатиялық, экономикалық, халықаралық, мәдени ықпалдастықты, ғылым мен білім саласындағы байланыстарды күшейту керектігін атап өтті. Сонымен қатар Бас консул Рыза Қаған Йылмаз осындай кездесуге мұрындық болып отырған ҚазҰУ-дың шығыстану факультеті ТҮРКСОЙ

кафедрасы ұжымына үлкен алғысын білдіріп, өзара сыйластық пен сенімділік ахуалы негізінде бауырлас екі елдің дамып гүлдене беруіне тілектес екендігін тілге тиек етті.

Түрік апталығының үшінші күні Қазақстан Республикасы Орталық ғылыми кітапханасында Осман және шағатай тілдерінде жазылған қолжазбаларды насихаттауға арналған «Аталар сөзі — ақылдың көзі» атты дөңгелек үстел мен Осман және шағатай тілдеріндегі көне кітаптар мен қолжазбалар көрмесі ұйымдастырылды.

Түрік апталығының төртінші күні Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының қысқы бағында «Түрік мәдениеті күні» аясында «Түрік жыр кеші» ұйымдастырылды. ТҮРКСОЙ кафедрасы студенттері мен Түркиядан академиялық ұтқырлық бағдарламасымен келген студенттер тарапынан оқылған түріктің танымал ақындарының жырлары кеш тыңдаушыларына ерекше әсер сыйлады.

Түрік апталығының соңғы күні түріктің колөнер көрмесі мен түріктің суда сурет салу өнері «Ебрудың» көрсетілімі болып, түрік ханымдары студенттерге колөнер құпияларын ашты. Түріктің тәтті тағамдары мен түрік кофесі де ұсынылған салтанатты жабылу кешіне қатысқан Түркі халықтары мәдени қоры президенті профессор Ахмет Дағдұран мырза апталықтың ұйымдастырылуына атсалысқан ТҮРКСОЙ кафедрасының барша оқытушы-профессорлар құрамы және студенттерге шексіз алғысын білдіріп, шығарма сайысында жеңімпаз болған студенттерді марапаттады.

ТҮРКСОЙ кафедрасында жылына бір рет ұйымдастырылатын дәстүрлі Түрік апталығы, Қазақстан мен Түркияның достық қарым-қатынастарының одан ары нығаюына, мәдени ықпалдастықтығымыздың, ғылым мен білім саласындағы байланыстарымыздың күшеюіне септігін тигізеді деген үміттеміз.

Г.К.ТЕМЕНОВА,
ТҮРКСОЙ кафедрасының аға оқытушысы

ПРАКТИЧЕСКАЯ ПРАКТИКА

В 2017-2018 учебном году студенты 4 курса кафедры специальности «Социальная педагогика и самопознание» были направлены на производственную практику в гимназию №36 имени Б.Атыхановича Алмалинского района города Алматы.

За четыре года обучения в университете студенты смогли сполна набраться опыта, чтобы показать все свои навыки на деле. Учащиеся кафедры педагогики и образовательного менеджмента не только поделились своими умениями с подрастающим поколением, но и самиполнили свой багаж знаний в изучаемой специальности, приняв участие в декаде по предмету «Самопознание».

В учебном заведении более 700 учеников. Под руководством директора гимназии А.М.Акселериковой в школе работают квалифицированные педагоги. Ежегодно учащиеся показывают хорошие результаты на олимпиадах и научных конкурсах.

Во время практики наши студенты приняли участие в декаде по предмету самопознание «Педагогика любви и творчества». За проявленный интерес директор гимназии выразила благодарность практикующим студентам, которые ознакомились с правовыми нормативами документов социального педагога, принимали участие в воспитательных работах и за грамотное использование теоретических знаний на практике.

Следует отметить, что педагогическая практика прошла под руководством кураторов-эдвайзеров 4 курса Е.К.Каденова и старшего куратора К.Жумабековой. Каждая пройденная практика демонстрирует профессиональную компетентность будущих специалистов. Она позволяет применять теоретические знания, полученные в своей специальности, способность эффективно общаться с учениками и школьным коллективом.

Хорошее воспитание подрастающего поколения — гарантия формирования грамотных, квалифицированных кадров. Всем преподавателям и руководству КазНУ им. аль-Фараби, которые делают большой вклад в это не легкое, но очень благородное дело, хочется пожелать крепкого здоровья и огромного терпения.

У. МУТАЛИП,
студентка 4-го курса ФФИП;
руководитель Б.А. АРИНОВА,
к.п.н., доцент кафедры педагогики и образовательного менеджмента

ӘЛЕМДІК БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ НАРЫҒЫНДА

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жоғары білікті ғылыми кадрларды, яғни философия докторларын даярлауда ҚР жоғары оқу орындары арасында көшбасшы болып табылады. ҚазҰУ Орталық Азиядағы ЖОО-лар арасында алғашқылардың бірі болып университеттердің Ұлы Хартиясына қосылды және кадр дайындауда «бакалавр-магистратура-докторантура» үш сатылық білім берудің жаңа жүйесіне көшті.

Докторлық дәрежені алу екі бағыт бойынша қолжетімді — профильдік және ғылыми-педагогикалық. Физика-техникалық факультетінде оқу кезінде келесі пәндер оқытылады: «Конвективтік жылу теориясының тандаулы мәселелері», «Сұйық отын жануын есептеу кезінде турбуленттіліктің статистикалық моделі», «Жану камераларында жылу массасы тасымалының процестері», «Көміртозанды отынның жануы кезінде пайда болатын физика-химиялық процестерді модельдеу» және басқалары. Оқытуды жылу физикасы және техникалық физика кафедрасында менгеруші, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Бөлегенова Салтанат Әлиханқызы, ҚазССР еңбек сіңірген қызметкері, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Аскарова Әлия Сандыбайқызы, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Мажренова Найля Рахимбековна, техника ғылымдарының докторы Мессерле Владимир Ефремович, физика бойынша PhD докторы Бөлегенова Сымбат Әлиханқызы және басқа да жоғары білікті оқытушылар тобы жүргізеді.

ҚазҰУ базасында тоғыз лаборатория жұмыс істейді — наноғылым және нанотехнология,



наноинженерия және наноматериалтану, Қазақстанда жүргізілетін нанотехнологиялық зерттеулердің нанотехникалық және техника экономикалық сараптамаларын ұйымдастыру аумағында фундаменталды және қолданбалы зерттеулерді жүргізуді іске асыратын ашық типтегі ұлттық нанотехнологиялық лаборатория (АТҰНЛ); Қазақстанның өндірістік шарттарына бейімделген №131 криофизика және криотехнология лабораториясы; №233 жылу және жаппай тасымалдау лабораториясы; №242, №249 арнайы практикум лабораториясы; №236 компьютерлік модельдеу лабораториясы; №242, №249 арнайы практикум лабораториясы; №246 көпкомпонентті газды ортадағы жылу және масса тасымалының лабораториясы, сондай-ақ Ғылыми-технологиялық парк және Эксперименттік және теориялық физика ғылыми-зерттеу институты (NIETF).

Университетте жоғары сапалы және заманауи білім алу үшін барлық жағдай жасалған. Кампус аумағында толық білім алу және бос уақытты өткізу үшін толық кешен бар: жаттығу залы, спорттық алаңдар мен секциялар бар тамаша спорт кешені, студенттерге арналған барлық білім беру, әлеуметтік, медициналық, сауда және ойын-сауық қызметтері бар «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы, кинотеатр, оқу залдарының желісі, 300 адамға арналған интернет-кафе. 2 миллионнан астам кітап қоры бар кітапхана да студент игілігі үшін қызмет етуде.

Ш.С. ОСПАНОВА,
М.К. ӘСЕМБАЕВА,
жылу физика және техникалық физика кафедрасы

Аслан Тимурович ИСМАИЛОВ

Студент первого курса факультета истории, археологии и этнологии КазНУ имени аль-Фараби. Аслан является уроженцем города Алматы. Ему 18 лет и он учиться по специальности «Библиотечное дело». Не смотря на юный возраст его произведения были напечатаны в российском сборнике «Перрон» (Нижний Новгород), а также в сборнике литературного конкурса «Аңсар», который проводился в ноябре прошлого года в Астане. Стихи молодого начинающего поэта пропитаны добрыми чувствами, патриотизмом, заботой о сохранении исторических корней.



ХОЛСТ

Хочу содрать небесный холст руками,
Который весь в дыму, печален, страшен...
Мы небу стали грозными врагами:
Оно глядит, как кровью мир раскрашен!

Ну вот, содрал. А что же будет дальше?
Мольберт пустой заменит синь родную?
Я новый холст прибию! Без всякой фальши
Клянусь я вам: займусь я им вплотную!

Куплю всем кисти вместо автоматов!
Рисуют пусть безоблачное небо...
Прошла пора играть в демократов:
Пришла пора кормить всех ближних хлебом!

«ВОЗЗВАНИЕ»

Все рвемся мы куда-то за границу,
Хотим бежать от горных гряд и рек...
Покой нам, говорят, лишь только снится,
А может, так сказал великий грек?...

Как можем мы желать земель далеких,
Не зная глубину своих корней?
И если мы и дома одиноки,
Не зря ль куем цепочку серых дней?!

Нагнись к земле, услышь в ней буйство крови,
Историю прочти среди камней!
Узнай, как бился предок, сдвинув брови,
От битвы к битве становясь умней...

Сиди в архиве, пыль с бумаг сдувая,
И путешествуй с предком по степям...
И пусть Тарих родной земли и края
Относится к твоим семи страстям!

Учись у мастеров айтыса, песни,
Что много лицезрели в прошлый век,
Тогда и за границей уж чудесней,
Тогда и там, и тут ты - Человек

«ГОЛОС ПРЕДКА»

Великий воин, властелин...
Когда живой, то да, согласен!
Но нынче хоть ковер стели:
Мертвец уж боле не опасен!


Наивен я... Ведь сталь гремит!
За гробом рокот не унять!
Велик воистину лимит...
Живым дано ль его понять?...

Понять не в силах, но зато
Услышать можем голос предка!
Ты фыркнешь. Я скажу: «А то!
Отец забудет сына редко!

Грехи свои чтоб искупить,
Щитом закрыл тебя всего!
Еще не раз ему кропить
Душевной кровью трон Его!

В гробу рокошет за тебя,
И из пустых глазниц течет
Слеза... С молитвою, любя,
Мертвец пред Богом речь речет!

Забыв земную гордость, сан,
Вонзив клинок в сырую землю,
За сына просит бывший хан,



А Бог ему в ответ: «Я внемлю!»
И сын возвел отцу мазар...
Туда приходит он молиться...
За то ему благой сазар:
Отцу в мазаре сладко спится..."

«ПРОФИ»

Желание успеть везде и всюду
Присуще людям уж не первый век.
Оно подобно вкусенькому блюду:
Желудком вечно мыслит человек!

И можно этим блюдом обожраться,
Призвать немую, комом, тошноту,
А можно понемногу есть, стараться
Выискивать довольствия черту!

Найдя среди тонн стряпни плохих столовых
Свое, родное блюдо, навсегда
Забудьте о других местах нулевых,
Себе не изменяйте никогда!

Учитесь сами ту еду готовить,
Да так, чтоб уж тянулись люди к вам,
Желая просто есть, а не злословить,
Вверяя свой желудок по утрам!

«А ЖИЗНЬ...»

А жизнь... Она, как холм огромный:
Подножье есть, и пик горы...
Здесь много гор — стоят колонны,
На них лежат небес двory...

А люди... Все стремятся в горы:
Ползут, кричат, срываясь вниз...
Копают там под горы норы,
С судьбой своею пляшут «твист»...

А Бог... Глядит с двора на небе:
Печален взор, затянут мглой...
Не всем по силам данный жребий,
Не каждый там, внизу, святой...

Но кто добрался, смог, явился,
Ступил во двор небес, Творца,
Тот со святыми всеми слился,
И нет тому теперь конца!

ПОБЕДА
ХИМИКОВ

Команда студентов КазНУ им. аль-Фараби по специальности «5В072000 – Химическая технология неорганических веществ» заняла II место в Республиканской предметной олимпиаде МОН РК.

В ЮКГУ им. М.Ауэзова согласно графику ДВПО и МС МОН РК проводилась Республиканская предметная олимпиада среди студентов ВУЗов РК по специальности «5В072000 – Химическая технология неорганических веществ» (ХТНВ). Для участия в данном конкурсе от КазНУ приняла участие команда студентов факультета химии и химической технологии, сформированная ассоциированным профессором Х.С. Тасибековым из числа обучающихся бакалавриата по специальности ХТНВ Канат Бекназаров, Аким Ергешев и Нурсая Жумабай. В данном конкурсе принимали участие 14 команд из КазНУ им. аль-Фараби, КарГУ им. Е.А. Букетова, Кокшетауского государственного университета им. Ш. Уалиханова, ТарГУ им. М.Х. Дулати, ЮКГУ им. М.О. Ауэзова и др. Конкурс состоял из двух туров: первая – тестирование на знание предметов по специальности, вторая – защита научно-исследовательских и опытно-конструкторских работ.

На суд комиссии были представлены результаты НИР студентов, направленные на решение практических и фундаментальных задач науки и техники, выполненных на разные темы. Работы оценивались по таким критериям, как актуальность и новизна проекта, его коммерциализация и востребованность результатов, а также научно-техническая проработка инновационного проекта и патентоспособность. Два научных проекта, представленных командой студентов КазНУ им. аль-Фараби, были признаны самыми лучшими и заняли I и II места соответственно. Следует отметить, что научными проектами руководили доктора PhD Б.М. Уралбекова и Р.Р. Токпаева.

По итогам конкурса, в общекомандном зачете, команда студентов КазНУ им. аль-Фараби по специальности «5В072000 – Химическая технология неорганических веществ» (ХТНВ) заняла II место в Республиканской предметной олимпиаде МОН РК.

Х.С. ТАСИБЕКОВ,

к.х.н., ассоц. проф.,

заведующий кафедрой АКХ и ТРЭ

ДӘСТҮРЛІ ОЛИМПИАДА

Заң факультетінде қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының Қылмыстылыққа қарсы тұру мәселелерін зерттеу институтымен бірге ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары арасында «Құқықтану» мамандығынан республикалық «КримЭкс-2018» студенттік пәндік олимпиадасының төртінші кезеңі өтті.



Қазақстанның жиырмаға жуық жоғары оқу орнынан қатысқан 17 команда ішінен ҚазҰУ-дың заң факультетінің «ІСЕ-КРИМ» командасы озық шығып, жеңімпаз атанды. Өз пәндері бойынша білім мен ізденістерін айшықты көрсете білген студенттер «КримЭкс-2018» гранпри жүлдесін иеленді.

Ал бірінші орынды Алматы қаласының ПМ академиясының «Стражи закона» командасы, екінші орынды Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Crimteam» және Туран

университетінің «Finder's» командасы иеленді. Үшінші орын талап бойынша 3 ЖОО-ға берілді: Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің «Отдел №9» командасы, Еңбек және әлеуметтік істер қазақ академиясының «Verum» және М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің «13th REGION» командасы. Сондай-ақ шараға қатысып, белсенділік танытқаны үшін «Алматы» университетінің «Новое поколение»; Нархоз университетінің «Altı Alas» және «Орлы»; UIB университетінің «Phenix»; Туран университетінің «Аубакировцы»; Сулеймен Демирел атындағы университеттің «Голос Фемиды»; Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясының «Кримstar»; Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық катынастар және әлем тілдері университетінің «Iex Defense»; М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің «Пинкертондар» және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің екінші «X-FILES» командалары арнайы дипломдармен марапатталды.

С.Ш. ДАУБАСОВА,

қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының аға оқытушысы

ПОБЕДА СТУДЕНТОВ

На базе Казахского агротехнического университета им. С. Сейфуллина города Астаны, на кафедре «Электротехника» прошла X Республиканская студенческая предметная олимпиада по специальности «Радиотехника, электроника и телекоммуникации» (РЭТ).

Команду Казахского национального университета им. аль-Фараби во главе с руководителем Бекболатом Жаксылыковичем Медетовым представляли трое студентов физико-технического факультета специальности «РЭТ» Айгуль Есдавлетова, Динара Әлмен и Мәдина Тұрлықожа.

Во время конкурса олимпиады наши студенты показали высокий уровень подготовки и по результатам оценки заняли общекомандное I место, обойдя многие команды университетов. Помимо этого, жюри определило лучших студентов в личном зачете. Студентки Мәдина Тұрлықожа и Айгуль Есдавлетова заняли I и 3 почетные места.

Команда студентов КазНУ им. аль-Фараби ежегодно участвует в республиканской олимпиаде, занимая 2 и 3 места. Сами участники отмечают, что эта победа стала для них полной неожиданностью, так как ранее студенты не занимали I место.

«Мы и представить себе не могли такой успех на конкурсе республиканского уровня. Разумеется, это не только наша заслуга, но и в полной мере заслуга нашего руководителя и преподавательского состава кафедры твердого тела и нелинейной физики. Именно благодаря их работе с нами мы смогли показать такой высокий результат», — отметила Айгуль Есдавлетова.

По словам организаторов, цель проведения олимпиады — создание условий для

интеллектуального, профессионального и личностного развития обучающихся и выявление наиболее талантливых студентов. За первенство в олимпиаде боролись представители 13 высших учебных заведений.

В программу олимпиады были включены задания по базовым разделам дисциплин специальности для высших учебных заведений. Такие как: «Теория электрической связи», «Основы электронной и измерительной техники», «Теория электрических цепей» и «Основы радиотехники и телекоммуникации».

Команда нашего университета была награждена памятными призами, дипломами и кубком. КазНУ им. аль-Фараби получил право проведения XI Республиканской студенческой предметной олимпиады по специальности «Радиотехника, электроника и телекоммуникации», которая пройдет в следующем году.

Победа в республиканской предметной олимпиаде — это еще одно яркое достижение одаренных студентов КазНУ им. аль-Фараби.

Поздравляем наших победителей и желаем новых побед и свершений!

Ж.Ж. БАЛТАБАЕВА,

студентка 3 курса физико-технического факультета

На военной кафедре прошла Вторая патриотическая игра «Сарбаз» на кубок ректора КазНУ среди школ города Алматы

Жақында жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінде шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының атсалысуымен Наурыз мерекесі тойланды.

Мерекелік шараға Қазақ ұлттық университетінің Бірінші проректоры М.Бүркітбаев, Қытай Халық Республикасының Алматы қаласындағы консулдығының Бас консулы Чжан Вей мырза және консулдық өкілдері, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Конфуций институтының оқытушылары және тағы басқа да Алматы қаласы ЖОО-ларынан шақырылған қонақтар, факультет оқытушылары мен студенттері қатысты.

Мұхамбетқали Мырзабайұлы мерекені салтанатты түрде ашып, жиналған қауымды Наурыз мерекесімен құттықтады. Бас консул Чжан Вей мырза да көктем мерекесінің ерекшелігіне тоқтала отырып, жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетіне оқулықтар мен сөздіктер, проектор сыйға тартты.

Қытай, Корея, Ауғанстан, Швейцария, Жапония, Америка және басқа да елдерден

Армысың, әз-Наурыз!

келіп, білім алып жатқан шетелдік студенттер Қазақстанда Наурыз мейрамына ерекше көңіл бөлінетініне куә болып, елімізде өмір сүріп жатқан барша халыққа ортақ мереке екендігін сезінгендіктерін айтты. Мемлекет қолдауымен дүбірлі той ретінде тойланатынына да көңіл аударды.

Шетелдік студенттер арнайы дайындалған бейнефильм арқылы қазақтың ұлттық нақыштары, киіз үйлер, қазандарда пісіріліп жатқан ұлттық тағамдар — бесбармақ, қуырдақ, наурыз көже, өзара көріскен ағайын жайын, бұл бірліктің, татулықтың мерекесі екендігін көріп, мол мағлұмат алды. Салтанатты шара барысында мерекеге орай көрсетілген түрлі салт-дәстүрлерді дәріптейтін көріністерді және ойын-сауықтарды (келін түсіру, тұсау кесу, теңге алу, палуан күрес және т.б.) тамашалап, өздері де өтіп жатқан іс-шараларға белсене қатысты. Олар «Қара жорға» биін билеп, қазақша ән айтып, домбыра тартып, өз өнерлерін көрсетті.

Шетелдік студенттер «Ұлыстың ұлы күні» аталатын бұл мерекенің терең тарихына да қанықты. Наурыз мерекесін тойлау дәстүрі

дүние жүзі халықтарының көпшілігінің тұрмыс-салтында бағзы замандардан бері орын алғаны белгілі. Наурыз (парсыша «нау» — жана, және «руз» — күн) — жаңа жылдың бірінші күні, көктемнің басы, жаңару күні. Қазақтар бұл мейрамды әз-Наурыз мейрамы деп те атайды. Бұл күні бүкіл табиғат, тіршілік иесіне, өсімдік, жан-жануарларға ерекше сезім, қуат, қасиет нұры құйылатыны туралы мәліметтерді факультет көлемінде өткен үлкен концертті тамашалау арқылы білді.

Наурыз мерекесі бар сән-салтанатымен тойланып, ерекше көңіл-күй сыйлады. Жиналған қауым шаттана қуанып, бір-біріне ізгілік тілеп тарқасты. Факультетте білім алып жатқан шетелдік студенттер де Наурыздың ұмытылмас тамаша мереке ретінде есте қалатындығын тілге тиек етті.

**Г.Қ. ИХСАНҒАЛИЕВА,
А.Е. САДЕНОВА,**

шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасы

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЭССЕ БАЙҚАУЫ

Халықаралық қатынастар факультетінде «Қазақстан және НАТО ынтымақтастығының ағымдағы жағдайы және келешегі», «ЕО мен Қазақстан арасындағы ынтымақтастыққа 25 жыл: қорытындылар және перспективалар» атты халықаралық эссе конкурстарының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті.

Шараны НАТО-ның Қоғамдық дипломатия департаменті, Қазақстандағы ЕО делегациясының қолдауымен НАТО жөніндегі Ресурстық және ақпараттық орталығы және Еуропалық ақпараттық орталығы ұйымдастырды. Байқау V халықаралық Фараби оқулары аясында жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын студенттер мен жас ғалымдардың «Фараби әлемі» атты халықаралық ғылыми конференциясы аясында өткізілді.

Конкурстың мақсаты — жас мамандардың ғылыми және сарапшылық қызметін ынталандыру, Қазақстан мен НАТО, Қазақстан мен ЕО арасындағы ынтымақтастық жөнінде білім деңгейлерін арттыру және аталмыш ұйымдардың қызметін насихаттау.

Байқау аясында ұйымдастырушылар 100-ге жуық студенттер мен магистранттардың жұмысын қарастырды. Қазылар алқасының мүшелеріне халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының оқытушылары кірді: профессор К.И. Байзакова — қазылар алқасының төрағасы; қазылар алқасының мүшелері — доцент Е.С. Чукубаев, доцент м.а. А.Б. Күзембаева, доцент м.а. Г.С. Байкүшікова, аға оқытушы К.Б. Беков. Жарыс жеңімпаздары алғыс хаттармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

ҚазҰУ жанындағы НАТО жөніндегі Ресурстық және ақпараттық орталық пен Еуропалық ақпараттық орталық ұжымы эссе байқауына қызығушылық білдіргендері үшін барлық қатысушыларға, сондай-ақ олардың жетекшілеріне алғыс білдіреді және байқау жеңімпаздарын құттықтайды.

А.Б. КҮЗЕМБАЕВА,

халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының доцент м.а.

ӨРТТЕН САҚТАНЫҢЫЗ!

Халық арасында: «Өрт ұрыдан жаман, өйткені ұры ең болмағанда бір нәрсені қалдырып кетеді, ал өрт болса бәрін бірге ала кетеді» деген сөз бар. Бұл шынында да рас, ұзақ жылдар бойы жинап төргенді өрт бір мезетте жоқ қылады. Көптеген адамдар электр өткізгіштегі немесе пеш түтіндігіндегі жарықтардан шыққан ұшқынға мән бермей, қоқысқа темекі тұқылын тастап немесе пештен шыққан ұшқындарды сарай қабырғасының артына тастап, мүлкіне ғана емес, өзінің және жақындарының өмірлерін қатерге тігеді.

Онда тұрған не бар?! — дейміз... Қандай да бір ұшқындар, суып қалған күл, темекі тұқылы, ескі, бірақ жүз жыл адал жұмыс істеген электр сымдары. Олар бізге қандай зиян келтіре алады?! Бұларда қандай қорқыныш бар? Бір мезетте осы әрекеттер мен заттардан өрт туындауы мүмкін, ал өрттің біздің қиыншылықтарымызды көретін көзі де, бізді түсінетін сезімі де жоқ екені мәлім. Ол ешнәрсеге де, ешкімге де қарамай, алдағы барды жояды. Дегенмен, өрт пен адам арасына тұрып, адамның елемеуі нәтижесінде болған қиын жағдаймен өрт сөндірушілер күреседі. Тілсіз жаумен күресушілер әрдайым біреудің мүлкі мен өмірін сақтау үшін өз өмірлерін қауіпке тігеді.

Халықтың тұрмыста қарапайым өрт қауіпсіздігі ережесінің талаптарын сақтамауы сол өрттің пайда болуының негізгі себептерінің бірі болып табылады:

Азаматтардың отты абайсыз қолдануы (темекі шеккенде, тұрғын үй, шаруа құрылыстарының, мал азығының жанында алауларды және коқысты жандырғанда, т.б.);

Жылыту пешін орнату және пайдаланудағы өрт қауіпсіздік ережелерін бұзу (пешті, түтіндікті бұзу және орнатудағы өртке қарсы ережелерді сақтамау);

Электр жабдықтар мен құрылғыларды жөндеу мен техникалық пайдалануда ережелерді бұзу (электр өткізгіштердің жарамсыздығы, қолдан жасалуы және олардың қысқа тұйықталуы).

Сондай-ақ пәтерлер мен тұрғын үйлердің түрлі жаңа электр техникалық құрылғылармен толтыру, үйде тез жанғыш, синтетикалық заттарды сақтау бір жағынан өрттің пайда болуын туғыздырса, екінші жағынан жану барысында олардан шыққан токсинді иіс адамның өмірі мен денсаулығына үлкен зиян келтіруі мүмкін. Адамдар сақтық шаралары мен қарапайым қауіпсіздік ережелерін елемеуден көп жағдайда өзінің және жақындарының өміріне қауіп төндіретінін түсінбейді.

Абай болыңыз, электр өткізгіштерді қысқа тұйықталудан сақтап, қорғайтын жабындарды жаңартып тұрыңыз, еш уақытта үйіңіздің жанында алауларды жандырмаңыз, үй ішінде темекі шекпеніз. Ұрыдан сақ болсаң, малың аман болар, Өрттен сақтансаң, жаның аман қалар! Өзіңіз бен жақындарыңыздың өмірін сақтау әрқашан өзіңіздің қолыңызда екенін ешқашан естен шығармаңыз.

Құрметті қала тұрғындары! Үйіңіз бен отбасыңыздың қауіпсіздігі тек сіздің қолыңызда. Өрт немесе басқа да төтенше жағдайларда 101 және 112 телефон нөмірлеріне хабарласыңыз.

Д.М. ЖҮСІПОВ,

ҚР ИІМ ТЖК, Алматы қаласы ТЖД Алматы

ТЖБ бас маманы азаматтық қорғау капитаны;

Н.С. ЕЛЕБЕКОВ,

Алматы аудандық ТЖБ аға инженері

азаматтық қорғау аға лейтенанты

НАУРЫЗ – ФИЗИКТЕР АУЫЛЫНДА!

Наурыз – ұлы мереке. Данышпан ата-бабаларымыз бұл күнді табиғаттың айрықша белгілерін ескере отырып белгілеген. Наурыз айын ерекше қасиеті бар ай ретінде бағалаған. Күн мен түн теңелетін, төрт түлік мал төлейтін, табиғаттағы барлық жәндіктер мен өсімдіктерге жан бітетін ай. Қыстың соңы, көктемнің басында жыл құстары да келе бастайды. Самарқанның көк тасы жібитін күн. Сол себептен де табиғаттың тылсымы мен ғалам ғажайыптарын терең ұғына білген ата-бабаларымыз бұл күнді Жыл басы деп есептеген.



Шығыс елдері үшін Наурызбірліктің, татулықтың, еңбектің, ізгіліктің, бақыттың мерекесі ретінде тойланған. Сондықтан да бұл күні шаттанбайтын, қуанбайтын, мейірленбейтін адам болмаған. Бұл күні жақсы тілек тілеу, құттықтау, кешірім сұрау, кешіре білу, табысу сияқты адамгершілік қасиеттер көрініс тауып, кейінгі ұрпақтар сондай жақсы өнегеден үлгі алған. Осындай ұлық мерекені 21 сәуір күні әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті үлкен деңгейде атап өтті. Әр факультет өз киіз үйлерін тігіп, ата дәстүрімізді, қазақы салт-жоралғыны жаңғыртты. Олардың қатарында факультет басшысы А.Е.Давлетов бастаған физика-техникалық факультеті ұжымы, оның ішінде теориялық және ядролық физика кафедрасы да белсене атсалысты.

Кафедра ұжымы киіз үй тігіп, мол дастархан жайды. Халқымыздың ұлттық тағамдары дастарханға қойылып, қонақтарнаурыз көже-ден дәм татты. Факультетіміздің ардагер ұстаздары — Н.Ж.Такибаев, Б.Т.Досаева, З.Жанабаев, Қ. Мұқашов, Ш. Байғанатова ақ тілектерін білдірді. Аулада асық, шахмат ойнатылып, жастар жағы арқан тартысты.

Той соңында ұжымның еңбегі еленіп, университет тарапынан алғыс хатпен марапат-талды. Наурыздың айрықша тәлім-тәрбиелік, үлгі-өнегелік, сән-салтанаттық, мәрт-жомарттық, қадір-қасиеттілік нышан белгілері болашақ жастарға үлгі-өнеге деп білеміз

С.Е. КЕМЕЛЖАНОВА,

физика-техникалық факультетінің аға оқытушысы

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор.: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**

Тілшілер: **Айнур АҚЫНБАЕВА, Ақмарал АЛИЕВА**

Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**

Фототілші –**Марат ЖҮНІСБЕКОВ**

Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Қарлыға ИБРАГИМОВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:

kazuniver2016gazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында басылды.

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана

Талсырыс: №577

●Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.

● Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.

● «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.

● Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.